

# "Атырау қалалық перзентханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

"Атырау қалалық перзентханасы" ШЖҚ КМК-ның қызметкерлер арасында  
2026 жыл 1-тоқсан аралығы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
туралы заңнама талаптарын сақтау мақсатында қызметкерлерге түсіндіру  
туралы жиналыс **ХАТТАМАСЫ № 3**

Атырау қаласы

«06» 04 2026 жыл

**Жиналысқа қатысқан қызметкерлер:** тізім бойынша

**Спикер:** комплаенс- офицер: Бағытұлы Н.

**Хатшысы:** А.Өтепбергенова

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері

## Күн тәртібінде

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
туралы» Заңына сай, сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық  
бұзушылықтардың алдын алу, болдырмау, заңнама талаптарын сақтау  
мақсатында түсіндірме жиындар өткізу.

**Комплаенс офицер Бағытұлы Н:**

Құрметті әріптестер! Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы  
Қазақстан Республикасының заңы барын барлықтарыңыз білесіздер. Біздің  
мекемемізде арнайы комплаенс офицер қызмет етеді. Комплаенс офицердің  
мақсаты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою.

Жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы Заңның мақсаты  
- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас  
жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан  
Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас  
жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың  
жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа  
тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын  
лауазымды және басқа да адамдардың сондай-ақ оларға теңестірілген  
адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас  
жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ  
жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді. Сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы іс қимылдың негізгі қағидаттары ол қызметті жүзеге асыру кезінде кез  
келген нысанда және көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау  
қағидаты. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем

төзбеушілік қағидаты лауазымды адамдар және олар үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді.

Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы хабардар етіледі және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдау керек. Әр қызметкер ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтау керек.

Мемлекеттік органның, ұйымның басшылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарлама бойынша заңға сәйкес шаралар қолдануға міндетті екенін айтып көрсетті.

Сұрақтар туындаған жоқ.

Жоғарыдағылардың негізінде Жалпы жиналыс жабық деп жарияланды.

Комплаенс-офицер:



Бағытұлы Н